

ISSN(PRINT) 2959-5649
ISSN(ONLINE) 2959-5657

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series "Philological Sciences"
№ 1 (91), 2025

Алматы

ISSN(PRINT) 2959-5649
ISSN(ONLINE) 2959-5657

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series "Philological Sciences"
№ 1 (91), 2025

Алматы

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№1 (91), 2025 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.ғ.д., проф. Абишева С.Д.

Бас редактордың орынбасары:
филол.ғ.д., проф. Есенова К.У.

Ғылыми редактор:
PhD, қауымд. проф. м.а. Сабирова Д.А.

Редакциялық алқа:
филол.ғ.к., қауымд. проф. Жиренов С.А.
филол.ғ.к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.
филол.ғ.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ

Джолдасбекова Б.У.
пед.ғ.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ

Салханова Ж.Х.
филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ

Қиынова Ж.К.
PhD, қауымд. проф. м.а., Т. Жүргенов ат. Қазақ
ұлттық өнер академиясы

Жалалова А.М.
филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік
университеті

Алексеев П.В. (Ресей)
филол.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы
университеті Бахтикереева У.М. (Ресей)

филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур университеті
Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Джордж Вашингтон университеті
Роллберг П. (АҚШ)

PhD, проф., Орталық Ланкашир университеті
Табачникова О.М. (Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

Техникалық хатшы:
филол.ғ.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 28.03.2025 қол қойылды.
Пішімі 60x84^{1/8}. Көлемі 19,00 е.б.т.
Тапсырыс 250.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Жиренов С.А., Ержанқызы Ә. Қазақ тілінің
синонимдерін психолінгвистикалық әдіспен зерттеу
жолдары..... 5

Жиренов С.А., Ержанқызы Ә. Способы изучения
синонимов казахского языка методом
психолінгвистики

Zhirenov S., Yerzhankyzy A. Ways of studying
synonyms of the Kazakh language using the method of
psycholinguistics

Молдағалиева Р.Ш., Бигалиева А.С.
Метафорическая интерпретация звуков природы и
техники в русском, казахском и английском
языках..... 13

Молдағалиева Р.Ш., Бигалиева А.С. Орыс, казах
және ағылшын тілдеріндегі табиғат пен техниканың
дыбыстарын метафоралық интерпретациялау

Moldagaliyeva R., Bigaliyeva A. Metaphorical
interpretation of natural and technological sounds in
Russian, Kazakh, and English languages

Пашан Д.М. Қызбалаға қойылатын есімдер: заманауи
ұстанымдар..... 20

Пашан Д.М. Имена для девочек: современные
позиции

Pashan D. Names for girls: modern positions

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Abisheva S., Abuova B. Berdibek Sokpakbayev's
creativity in the field of children's literature (1924-
1991)..... 30

Абишева С.Д., Абуова Б.П. Бердібек Сокпақбаевтың
балалар әдебиеті саласындағы шығармасы (1924-1991)

Абишева С.Д., Абуова Б.П. Творчество Бердибека
Сокпақбаева в области детской литературы (1924-
1991)

Мустояпова А.Т. Природа мистического в романе
Тони Моррисон «Возлюбленная»..... 36

Мустояпова А.Т. Тони Моррисонның «Сүйікті»
романындағы мистиканың табиғаты

Mustoyarova A. The nature of the mystical in Toni
Morrison's novel "Beloved"

Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая

ВЕСТНИК
Серия «Филологические науки»
№1 (91), 2025 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. Есенова К.У.
Научный редактор
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби
Джолдасбекова Б.У.

д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби
Салханова Ж.Х.

д.филол.н., проф., КазНУ имени
Жынова Ж.К.

PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени
Т.Жургенова Жалалова А.М.

д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский
государственный университет

Алексеев П.В. (Россия)

д.филол.н., проф., РУДН

Бахтикерева У.М. (Россия)

д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский
университет Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Университет Джорджа
Вашингтона Роллберг П. (США)

PhD, проф., Университет Центрального
Ланкашира Табачникова О.М.
(Великобритания)

Ответственный секретарь:
PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный
педагогический университет им. Абая, 2025

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 28.03.2025.
Формат 60x84^{1/8}. Объем 19,00 уч-изд.л.
Заказ 250.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Серикова Л.А. Переплетение идентичностей: «Свой – чужой – другой» в рассказах С.А. Муминова..... 48

Серикова Л.А. Тұлғалардың тоғысуы: «Өзіндік – бөтен – басқа» С.А. Муминовтың әңгімелерінде
Serikova L. The interweaving of Identities: "Friend – Foe – Other" in the Stories of S.A. Muminov

Sylam D., WenLiang Q. Unfinished projects: the transformation of urban literary writing paradigms in China since the new century..... 58

Сылам Д., Вэньлян Ц. Аяқталмаған жобалар: жаңа ғасырдан бергі Қытайдағы қалалық әдебиеттің жазу парадигмаларының трансформациясы

Сылам Д., Вэньлян Ц. Незавершенные проекты: трансформация парадигм городской литературной письменности в Китае с начала нового века

Умирханова Ш.А., Орынханова Г.А. Национальная идентичность и культурная память в рассказе Бахытжана Канапьянова «Бахчисарай»..... 70

Өмірханова Ш.Ә., Орынханова Г.А. Бақытжан Канапьяновтың «Бақшасарай» әңгімесіндегі ұлттық болмыс пен мәдени жады

Umirkhanova Sh., Orynkhanova G. National identity and cultural memory in Bakhytzhana Kanapyanov's story "Bakhchisaray"

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Жиндеева И.А. Практика использования лакунизации в системе сравнительно-сопоставительного изучения художественных произведений..... 78

Жиндеева И.А. Көркем шығармаларды салыстырмалы зерттеу жүйесінде лакунацияны қолдану тәжірибесі

Zhindeeva I. The practice of using lacunization in the system of comparative study of works of fiction

Ибраева Ж.Б., Курманчакова А.Э. Содержание и методика преподавания фольклора в школе: морфология волшебной сказки..... 91

Ибраева Ж.Б., Құрманчакова А.Е. Мектепте фольклорды оқытудың мазмұны мен әдістері: сикырлы ертегінің морфологиясы

Ibraeva Zh., Kurmanchakova A. Content and methodology of teaching folklore at school: morphology of a fairy tale

Молдағали М.Б., Асылбекова М.С., Проскурина Л.В. Звукоцветовой анализ стихотворений А.А. Блока о весне на уроках литературы в школе..... 100

**Abai Kazakh National
Pedagogical University**

BULLETIN
Series "Philological Sciences"
No. 1 (91), 2025.

Periodicity - 4 issues per year.
Published since 2000.

Editor-in-chief

Doctor of Philological Sciences, Professor **Abisheva S.**

Deputy Editor-in-chief

Doctor of Philological Sciences, Professor
Essenova K.

Scientific Editor

PhD, Associate Professor **Sabirova D.**

Editorial board

Candidate of Philological Sciences, Associate Prof.

Zhirenov S.

Candidate of Philological Sciences, Associate Prof.

Satemirowa D.

*Doctor of Philological Sciences, Prof., Al-Farabi
Kazakh National University* **Dzholdasbekova B.**

*Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., Al-Farabi
Kazakh National University* **Salkhanova Zh.**

Doctor of Philological Sciences, Prof.,

Kazakh National Women's Teacher Training

University **Kiynova Zh.**

*PhD, Associate Prof., T. Zhurgenov Kazakh National
Academy of Arts* **Zhalalova A.**

Doctor of Philological Sciences, Prof., RUDN

Bakhtikireeva U. (Russia)

Doctor of Philological Sciences, Associate Prof.,

Gorno-Altaysk State University

Alekseyev P. (Russia)

Doctor of Philological Sciences, Prof., University

of Warmia and Mazury **Kiklewicz A.** (Poland)

PhD, Prof., George Washington

University **Rollberg P.** (USA)

PhD, Prof., University of Central Lancashire

Tabachnikova O. (The United Kingdom)

Executive Secretary

PhD, Associate professor **Serikova S.**

Technical Secretary

Candidate of Philological Sciences, Associate professor

Osmanova Z.

©Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2025

Registered

in the Ministry of Culture and Information of the
Republic of Kazakhstan

8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 28.03.2025

Format 60x84 1/8. Volume 19,00

teaching and publishing lists.

Order 250.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Молдағали М.Б., Асылбекова М.С., Проскурина

Л.В. А.А. Блоктың көктем туралы өлеңдерін

дыбыстық-түсті талдау мектепте әдебиет сабағында

Moldagali M., Assylbekova M., Proskurina L. Sound and

color analysis of A.A. Blok's poems about spring in

literature lessons at school

Назарбекова Г.А. Изучение английского языка через

искусственный интеллект: новые горизонты обучения..

Назарбекова Г.А. Жасанды интеллект арқылы

ағылшын тілін үйрену: оқытудың жаңа көзжиектері

Nazarbekova G. Learning English through artificial

intelligence: new horizons of learning

Оспанов Е., Иманғали Ө. Ағылшын тілінің басым тіл

ретінде қазақстандағы білім беруде басқа тілдерге әсері

қандай?

Оспанов Е., Иманғали О. Каково влияние

английского языка как доминирующего языка на

другие языки в системе образования Казахстана?

Ospanov Y., Imangali O. What is the impact of English as

a dominant language on other languages in Kazakhstan's

education system?

АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ
TRANSLATION STUDIES

Жаткин Д.Н., Сердечная В.В. И.М. Сабашников

(Юринский) – переводчик Эдвина Арнольда.....

Жаткин Д.Н., Сердечная В.В. И. М. Сабашников

(Юринский) – Эдвин Арнольдтың аудармашысы

Zhatkin D., Serdechechnaya V. I.M. Sabashnikov

(Yurinsky) – translator of Edwin Arnold

Біздің авторлар.....

Наши авторы.....

Our authors.....

14. Brown E.T. (2021). *AI-powered language learning: Trends and innovations*. San Francisco: Tech Publishing. – pp. 30-40.

15. Kuznetsova I.V. (2020). *Iskusstvennyy intellekt v obuchenii inostrannym yazykam: novye podkhody [Artificial intelligence in foreign language learning: New approaches]*. Moskva: Nauka. – pp. 50-65. [in Russian]

16. Petrov A.N. (2019). *Innovatsionnye tekhnologii v obuchenii yazykam [Innovative technologies in language learning]*. Sankt-Peterburg: Obrazovanie. – pp. 78-85. [in Russian]

17. Sidorov E.A. (2021). *Tsifrovizatsiya obrazovaniya: vyzovy i vozmozhnosti [Digitalization of education: Challenges and opportunities]*. Yekaterinburg: Ural. – pp. 15-25. [in Russian]

FTAMP 14.35.09

10.51889/2959-5657.2025.91.1.013

Оспанов Е.Т.¹ , *Имангали Ө.² 

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан, Алматы

e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com

*e-mail: orken.007@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ БАСЫМ ТІЛ РЕТІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕ БАСҚА ТІЛДЕРГЕ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі ағылшын тілінің басымдылығының әсері талданады. Елдің үштілділік саясаты аясында ағылшын тілі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Ағылшын тілінде оқыту халықаралық интеграцияға, ғылыми-зерттеу мүмкіндіктерінің кеңеюіне және студенттердің жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді. Алайда, бұл үрдіс қазақ және орыс тілдерінің рөлін әлсіретуі, тілдік теңсіздікті күшейтуі және мәдени құндылықтардың сақталуына кері әсер етуі мүмкін. Мақалада сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, студенттердің ағылшын тілінің әсеріне қатысты пікірлері талданады. Зерттеу нәтижелері ағылшын тілінің білім беру жүйесіндегі артықшылықтарымен қатар, оның жергілікті тілдерге тигізетін ықтимал салдарын да көрсетеді. Осыған байланысты, мемлекеттік тіл саясаты ағылшын тілінің жаһандық мүмкіндіктерін ескере отырып, қазақ тілінің қолданыс аясын сақтау мен дамытуға бағытталуы тиіс.

Түйін сөздер: ағылшын тілі, қазақ тілі, орыс тілі, үштілділік саясаты, білім беру жүйесі, халықаралық интеграция, тілдік теңсіздік

Оспанов Е.Т.¹ , *Имангали Ө.² 

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Алматы, Казахстан

e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com

*e-mail: orken.007@mail.ru

КАКОВО ВЛИЯНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА КАК ДОМИНИРУЮЩЕГО ЯЗЫКА НА ДРУГИЕ ЯЗЫКИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА?

Аннотация

В данной статье анализируется влияние доминирования английского языка в системе образования Казахстана. В рамках политики трёхязычия английский язык стал неотъемлемой частью

образовательного процесса. Обучение на английском языке способствует международной интеграции, расширению возможностей научных исследований и повышению конкурентоспособности студентов на глобальном рынке труда. Однако этот процесс может ослабить роль казахского и русского языков, усилить языковое неравенство и негативно сказаться на сохранении культурных ценностей. В статье рассматриваются мнения студентов на основе результатов анкетирования. Исследование выявило как преимущества доминирования английского языка в системе образования, так и его возможные последствия для местных языков. В связи с этим государственная языковая политика должна учитывать глобальные возможности английского языка, при этом направляя усилия на сохранение и развитие сферы применения казахского языка.

Ключевые слова: английский язык, казахский язык, русский язык, политика трёхязычия, система образования, международная интеграция, языковое неравенство

*Ospanov Y.¹  , *Imangali O.² *
^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University
Kazakhstan, Almaty
e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com
**e-mail: orken.007@mail.ru*

WHAT IS THE IMPACT OF ENGLISH AS A DOMINANT LANGUAGE ON OTHER LANGUAGES IN KAZAKHSTAN'S EDUCATION SYSTEM?

Abstract

This article analyzes the impact of the dominance of the English language in Kazakhstan's education system. Within the framework of the trilingual policy, English has become an integral part of the educational process. Teaching in English contributes to international integration, expands research opportunities, and enhances students' competitiveness in the global labor market. However, this process may weaken the role of the Kazakh and Russian languages, increase linguistic inequality, and negatively affect the preservation of cultural values. The article examines students' perspectives based on survey results. The study highlights both the advantages of English language dominance in education and its potential consequences for local languages. Therefore, state language policy should consider the global opportunities of English while ensuring the preservation and development of the Kazakh language's scope of use.

Keywords: english language, Kazakh language, Russian language, trilingual policy, education system, international integration, linguistic inequality

Кіріспе. Ағылшын тілінің жаһандық тіл ретіндегі үстемдігі бүкіл әлемдегі, соның ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелеріне елеулі әсері бар. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан тілдік және білім беру саласында түрлі реформалар жасауда, ал осы уақытта ағылшын тілі қазақ және орыс тілдерімен қатар үштілдік саясаттың маңызды бөлігіне айналды. Ағылшын тілі жаһанданудың негізгі құралы ретінде қарастырылса да, білім берудегі оның үстемдігінің артуы жергілікті тілдер мен мәдени идентитетке әсері туралы көптеген сұрақтар туындатуда. Бұл мақалада Қазақстандағы білім беруде ағылшын тілінің үстемдігінің әсері, оның артықшылықтары, қиындықтары және тілдік әртүрлілікке әсері жоғары оқу орындарында (ЖОО) оқып жатқан студенттерден сауалнама алу арқылы қарастырылады.

Қазақстан Республикасының (ҚР) білім беру саласында ағылшын тілін енгізуі оның жаһандық бәсекеге қабілеттілік пен интеграцияға деген ұмтылысымен тығыз байланысты. Қазіргі таңда ҚР Үкіметі ағылшын тілін үштілді саясаттың бір бөлігі ретінде белсенді түрде қолдауда. Осылайша бұл саясат азаматтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жетік білімге қол

жеткізуін қамтамасыз етуді көздейді. Бұл елдегі көптілділікті дамыту арқылы жаһандық қауымдастықпен экономикалық және мәдени байланыстарды нығайтудың стратегиялық мақсатын көрсетеді [1].

Ағылшын тілінде білім беруді енгізу Қазақстанда маңызды тенденцияға айналды. Көптеген университеттер, әсіресе ғылым, технология және бизнес салалары бағытында мамандар даярлау барысында өз бағдарламалары үшін ағылшын тілін оқыту тілі ретінде қолдана бастады. Бұл өзгеріс Қазақстанның ЖОО-ларының Болонья үдерісіне қатысуымен және бұл үдеріс жоғары білім жүйелерін Еуропа бойынша, сондай-ақ одан тыс жерлердегі білім беру үдерісімен үйлестіруді көздейді [2]. Дегенмен, білім беруде ағылшын тілінің тез таралуы ағылшын тілін қолдау мен қазақ және орыс тілдерін ұлттық және мәдени тілдер ретінде сақтау арасындағы қарама-қайшылықтарды тудырды.

ҚР білім берудегі саласындағы ағылшын тілінің тиімділігі мен кемшілігі

Ағылшын тілін ҚР білім беру жүйесіне енгізу жаһандық академиялық және кәсіби мүмкіндіктерге жол ашты. Ағылшын тілін меңгеру студенттерге халықаралық зерттеулерге қол жеткізуге, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуға және халықаралық ұйымдарда мансап құруға мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстан университеттеріндегі ағылшын тіліндегі бағдарламалар студенттердің жұмысқа орналасу мүмкіндігін туғызып, жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырды [3]. Бұл үкіметтің жаһандық деңгейде байланысқан және білікті кадрлар құруға бағытталған бағдарламалардың жемісі.

Сонымен қатар ағылшын тілі академиялық ынтымақтастық үшін ортақ тіл қызметін атқарады, бұл қазақстандық зерттеушілер мен студенттерге халықаралық әріптестерімен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Ағылшын тілінің академиялық басылымдар мен конференцияларда қолданылуы қазақстандық ғалымдардың жаһандық деңгейде танылуын арттырды. Бұл, әсіресе, ғылым мен технология сияқты ағылшын тілі негізгі байланыс құралы болып табылатын салалар үшін өте пайдалы екені анық.

Жалпы ҚР білім беру жүйесінде ағылшын тілінің қолданысын арттыру Қазақстандағы жаңғыру мен дамудың символы ретінде қарастырылады. Жастар арасында ағылшын тілін меңгеру арқылы тұлғалық даму мен қоғамдағы әлеуметтік беделге ие болуға болатыны туралы сенім басым [4]. Ағылшын тілінде білім беру арқылы Қазақстан өзін жаһандық қауымдастықпен тығыз байланыс орнатуға дайын, болашаққа бағытталған ел ретінде көрсетеді. Бұл тілдік саясат елдің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жаһандық үдерістертен тыс қалмауға мүмкіндік береді.

Дегенмен білім беруде ағылшын тіліне баса назар аударудың артуы қазақ және орыс тілдерінің шеттетілуіне қатысты алаңдаушылық туғызуда, өйткені бұл тілдер елдің мәдени және тілдік болмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі кеңінен қолданылатын тіл болғанымен, академиялық және кәсіби ортада ағылшын тілінің басымдыққа ие болуы олардың мәртебесін әлсіретуі мүмкін. Мысалы, ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламаларда білім алатын студенттер қазақ тілін жетік меңгеруде қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл оның біріктіруші ұлттық тіл ретіндегі рөлін бәсеңдету қауіпін туындатады [1].

Білім беруде ағылшын тілінің басым болуы Қазақстандағы қалалық және ауылдық аймақтар арасындағы айырмашылықтардың одан сайын ұлғаюына алып келуде. Қалалық мектептер мен университеттер ағылшын тілінде оқытуға жақсырақ жабдықталған болса, ауылдық білім беру мекемелері көбінесе қажетті ресурстар мен білікті мамандардың жетіспеушілігіне тап болады. Бұл теңсіздік ауылдық жерлердегі студенттердің ағылшын тілінде білім алу мүмкіндіктерін шектеп, өңірлік білім беру нәтижелеріндегі алшақтықты одан әрі тереңдетеді [1].

Сондай-ақ білім беруде ағылшын тіліне басымдық беру мәдени құндылықтардың әлсіреуіне ықпал етуі мүмкін, өйткені студенттер өз ана тілдері мен дәстүрлерін сақтаудан гөрі шет тілін үйренуге көбірек көңіл бөледі. Бұл әсіресе Қазақстан сияқты көптілді қоғам үшін өзекті мәселе, өйткені тілдік әртүрлілік – елдің мәдени мұрасының маңызды бөлігі. Жас ұрпақтың ағылшын тілін бедел мен мүмкіндіктердің тілі ретінде көруі қазақ және орыс тілдерінің күнделікті өмірде

қолданылуын азайтуы мүмкін [4].

Сонымен қатар ағылшын тілінде білім беруге көшу ағылшын тілін жетік меңгермеген студенттер мен мұғалімдер үшін қиындықтар туғызады. Көптеген студенттер шет тілінде күрделі академиялық ұғымдарды түсінуде қиналып, бұл олардың үлгеріміне кері әсер етуі мүмкін. Сол сияқты, мұғалімдер де, әсіресе арнайы терминологияны қажет ететін пәндер бойынша, ағылшын тілінде сапалы білім беруде қиындықтарға тап болуы мүмкін [4].

Жалпы ҚР тілдердің өзара әсері біршама зерттелген. Абдығалиева және басқалар қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлеу этикетінің формулаларын этнолингвомәдени ерекшеліктер тұрғысынан қарастырып, ағылшын тіліндегі сыпайылық деңгейін талдайды [5]. Бұл қазақ тіліндегі коммуникативтік нормалардың ағылшын сөйлеу мәдениетімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар екенін көрсетеді. Алшынбекова мен Жұманбекова [6] қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдеріндегі фразеологиялық бірліктерді зерттей отырып, эмоцияларды білдірудегі ерекшеліктерді анықтайды. Бұл тілдер арасындағы семантикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетіп, мәдениаралық коммуникацияның маңыздылығын ашады. Рысбекқызы [7] қазақ және ағылшын тілдеріндегі туыстық атауларды зерттеу арқылы мәдениаралық құзыреттілікті арттыруға бағытталған тиімді оқыту әдістерін ұсынады. Ол екі тілдегі туыстық жүйенің айырмашылықтарын салыстыра отырып, оқытудың жаңа әдістерін ұсынады. Хамитова және басқалар [8] ағылшын тіліндегі түркілік кірме сөздердің бейімделуін зерттейді. Олар тек қазақ тілінен ғана емес, араб, моңғол, парсы, татар және өзбек тілдерінен енген сөздердің де ағылшын тілінің лексикалық қорын байытқанын атап өтеді. Бұл зерттеулер қазақ тілінің ағылшын тілімен өзара ықпалдасуының әртүрлі аспектілерін қарастырып, тілдік және мәдени әсерлердің жан-жақты зерттеліп жатқанын көрсетеді.

Бірақ ағылшын тілінің ҚР ЖОО-ларында оқып жатқан студенттері жөніндегі пікірі бойынша зерттеулер жасалмаған. Білім беруде ағылшын тілінің басым болуы Қазақстанға жаһандық білімге қолжетімділік, академиялық ынтымақтастықтың артуы және мансаптық мүмкіндіктердің кеңеюі сияқты елеулі артықшылықтар әкелді. Алайда бұл тілдік теңсіздік, мәдени құндылықтардың әлсіреуі және қазақ пен орыс тілдерінің шеттетілуі сияқты қиындықтарды да тудырды. Мақала ЖОО студенттерінің ағылшын тілінің білім алу барысына тигізіп жатқан әсерін эмпирикалық бағытта зерттеуге бағытталады.

Әдістер мен материалдар. ЖОО студенттерінің ағылшын тілінің өз ана тілінде білім алу барысына тигізетін әсерін білу мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама қазақ тілінде жазылды және «Google Forms» арқылы құрылып, ЖОО оқу орнында оқып жатқан 520 студентке таратылды. Бірақ сауалнамаға 215 студент қана жауап берді. Сауалнама ерікті және зерттеуге қатысудан кез келген уақытта бастартуға болатындығы жөнінде сауалнамада жан-жақты түсіндіріліп жазылды.

Зерттеу жұмысына қатысушы 215 студент туралы ақпаратты 1-кестеден көруге болады. Бұл зерттеуге әртүрлі категориялар бойынша студенттер қатысты. Кестеде жыныс, курс, негізгі қолданыстағы тіл және мамандық сияқты негізгі категориялар бойынша деректер келтірілген. Бұл мәліметтер студенттердің демографиялық құрылымын талдауға мүмкіндік береді. Жынысы бойынша әйелдер саны 194 адамды (90%) құрайды, ал ерлер саны 21 адамды (10%) құрайды. Курс бойынша бірінші курс студенттері ең көп санынан тұрады (117 адам, 54%), ал екінші курс студенттері ең аз санынан тұрады (11 адам, 5%). Негізгі қолданыстағы тіл бойынша қазақ тілін пайдаланатындар саны 206 адамды (96%) құраса, ал 7 адамды орыс тілін пайдаланатындар (3%) болып шықты. Ұйғыр тілін пайдаланатындар саны 2 адамды (1%) құрайды. 145 адам (67,5%) мамандық бойынша жарастылыстану саласындағы студенттер болып шықты. Гуманитарлық саладағы студенттер саны 70 адамды (32,5%) құрайды.

Кесте 1. Зерттеуге қатысушылар

Категориясы	Саны	Пайызы
Жынысы		

Ер	21	10%
Әйел	194	90 %
Курс		
1	117	54 %
2	67	29 %
3	11	5 %
4	20	16 %
Негізгі қолданыс тілі		
Қазақ	206	96 %
Орыс	7	3 %
Ұйғыр	2	1 %
Мамандығы		
Жарастылыстану	145	67,5 %
Гуманитарлық	70	32,5 %
Жалпы саны	215	100 %


Нәтижелер және талқылау. ҚР ЖОО-ларында ағылшын тілінің маңыздылығы жыл санап артуда. Ағылшын тілі тек пән ретінде оқытылып қоймай, таза ағылшын тілінде білім беретін мамандықтар ашылуда. Ал қазақ тілінде ғана білім алатын студенттердің өздері де ағылшын тіліндегі материалдарды оқуына, пайдалануына тура келетін жайттар күннен-күнге артуда. Бұл білім беру жүйесінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің артуына жан-жақты мүмкіндік берері анық.

Кесте 2. Ашық сұрақтар

Сұрақтар	Келісемін	Келіспеймін	Бейтарап	Толық келісемін	Толық келіспеймін
Ағылшын тілінен енген сөздері қолдану сіздің пәнді түсінуіңізге ықпалын тигізеді ме?	23,7 %	15,8 %	49,8 %	1,9 %	8,8 %
Қазіргі білім беру саласында ағылшын тілінен енген сөздердің болуы қажет деп санайсыз ба?	15,3 %	23,3 %	44,7 %	10,2 %	6,5 %

Бұл кесте ағылшын тілінен енген сөздердің пәндерді түсінуге ықпалы мен білім беру саласында олардың қажеттілігі туралы сауалнама нәтижелерін көрсетеді. Сауалнама бойынша, ағылшын тілінен енген сөздердің пәндерді түсінуге ықпалын 23,7% респондент қолдаса, 15,8% қарсы болған. Білім беру саласында ағылшын тілінен енген сөздердің болуы қажет деп 15,3% респондент санаса, 23,3% бұл пікірге қарсы шықты. Респондентердің көпшілігі (49,8% және 44,7%) бұл мәселелерге бейтарап көзқарас білдірген.


Үйде негізінен қай тілде сөйлейсіз?
215 ответов



Сурет 1. Сауалнама нәтижелері (1-диаграмма)

Диаграмма нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің басым бөлігі (95,8%) үйде негізінен қазақ тілінде сөйлейтінін көрсеткен. Бұл қазақ тілінің отбасы деңгейінде негізгі қарым-қатынас құралы екенін және оның күнделікті өмірде кеңінен қолданылатынын білдіреді. Орысша, ұйғыр және аралас тілде сөйлейтіндердің үлесі өте аз, бұл қазақ тілінің үй жағдайында басымдыққа ие екенін растайды. Жалпы, бұл көрсеткіш қазақ тілінің тұрмыстық қолданыстағы орнының нығайғанын көрсетеді.


Ағылшын тілінен енген сөздерді сіз қаншалықты жиі кездестіресіз? (оқулықтар, желіде ресурстар, және т.б.)?
215 ответов



Сурет 2. Сауалнама нәтижелері (2-диаграмма)

Сауалнама нәтижесі бойынша (2-диаграмма), қатысушылардың басым бөлігі (40,5%) ағылшын тілінен енген сөздерді анда-санда кездестіретінін айтқан. Ал 28,8% жиі ұшырататынын, 27% сирек кездесетінін мәлімдеген. Демек, ағылшын сөздерінің қолданысы айтарлықтай байқалғанымен, ол барлық жерде бірдей таралмаған.

Қай пәндерде сіз ағылшын тілінен енген сөздерді жиі кездестіресіз?
215 ответов




Сурет 3. Сауалнама нәтижелері (3-диаграмма)

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, ағылшын тілінен енген сөздер көбінесе **технология / информатика** пәнінде кездеседі (64,7%). **Тіл** пәнінде 17,2%, ал **гуманитарлық ғылымдарда** 14,9% байқалады. **Математика** мен **ағылшын тілі** пәндерінде бұл көрсеткіш өте төмен. Бұл мәліметтер ағылшын тілінің ғылыми-техникалық салаларда көбірек қолданылатынын көрсетеді.

Академиялық бағыттағы жазылым мен пікір білдіру барысында ағылшын тілінен енген сөздерді қолдану сіз үшін қаншалықты ыңғайлы?

215 ответов



Сурет 4. Сауалнама нәтижелері (4-диаграмма)

Сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің 53% ағылшын тілінен енген сөздерді академиялық жазылымда ыңғайлы деп санайды, ал 20,9% оларды қолдануды ыңғайсыз немесе өте ыңғайсыз деп бағалайды. Бұл ағылшын тілінің сөздерін қолданудың барлығы үшін бірдей ыңғайлы емес екенін көрсетеді.

Сіздің ойыңызша ағылшын тілінен енген сөздер қазақ тіліне қаншалықты әсерін тигізеді?

215 ответов



Сурет 5. Сауалнама нәтижелері (5-диаграмма)

Диаграмма нәтижелері көрсеткендей, ағылшын тілінен енген сөздердің қазақ тіліне әсері туралы пікірлер әртүрлі. Ең үлкен үлес (37,2%) бұл құбылысты заман талабына сай жаһанданудың бір бөлігі ретінде қабылдап, оны тілдің дамуына ықпал ететін фактор деп санайды. Алайда, 36,3% респондент бұл үрдіс шатасуға алып келеді деп есептейді, бұл қазақ тілінің құрылымдық өзгерістерге ұшырау қаупін білдіреді. Сонымен қатар, 22,3% жауап берушілер ағылшын тілінің ықпалы қазақ тілінің маңыздылығын төмендетеді деп алаңдаушылық білдірген. Жалпы, мәліметтер тілдік өзгерістерге деген көзқарастардың екіжақты екенін және қоғамда бұл мәселеге қатысты алаңдаушылық бар екенін көрсетеді.

Ағылшын тілі түрлі механизмдер арқылы жаһандық доминант тілге айналды, оның ішінде ғаламдану, интернет және халықаралық институттар бар. Кристал ағылшын тілінің отаршылдық арқылы таралуын және кейіннен ағылшын тілінде сөйлейтін мәдениеттердің бүкіл әлемге жайылуын талқылайды [9]. Қазіргі уақытта ағылшын тілінің ықпалы технология, дипломатия және ойын-сауық салаларында артты. Ағылшын тілі көптеген халықаралық ұйымдарда жұмыс тілі ретінде қолданылып, оның ғаламдық орнын одан әрі нығайтуда [10]. Жүргізілген сауалнама нәтижелері бұл мәселенің қоғамда өзекті екендігін көрсетеді. Пікірлерді талдай келе, ағылшын тілінің қазақ тіліне ықпалына қатысты көзқарастардың әртүрлі екенін байқауға болады.

Ағылшын тілінің ғаламдық доминанттығының маңызды салдары – ол азшылық тілдеріне төндірген қауіп. Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет Ұйымы мәліметі бойынша, әлемдегі тілдердің 40%-ы жойылып кету қаупіне ұшыраған, ал ағылшын тілінде

